

## Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі гуманизм

Гуманизмнің әлеуметтік қызметі – адамдардың қауымдастықтағы қатынасын сақтаудан туған қажеттілік. Бұл мағынада гуманизм адамның эволюциялық даму шарты болып табылады. Әрине, жалғыз сол ғана шарт емес. Сонымен қатар, адамның руханилығынан да туған шарт. Өйткені адам тек зерделі ғана емес, сонымен қатар рухани да жан.

Адамның зерделілігі үлкен мәнге ие. Түрдің өзі зерделі адам ретінде анықталады. Бұл тұжырымды жоққа шығаруға болмайды, бірақ зерделілік адамның эволюциялық дамуындағы жалғыз белгі емес. Қазіргі кездегі зерттеулер адамның руханилық, сенім сияқты қасиеттерін негізге алады. Осыған көне мәдениеттен сақталған гуманизмді қосуға болады. Қазақстандық руханилықты зерттеушілер С.Ю. Колчигин мен А.Б. Қапышев «Адамдық деген не? егер ол – не ақыл, не іскерлік болмаса, ішкі сезім немесе руханилық па? деген сұрақ қоя отырып, оны «рух» және «жан» ұғымдары арқылы ашып көрсетеді. Зерттеушілер рухты «адамдық адамгершілік бастау ретінде анықтайды. Немесе бұл адамдағы ұлы, діни бастау деп атайды» [1, 95, 102 бб.]. Біріншіден, гуманизмді қоғам мен адамның даму қажеттілігіне сай адам әлеуетінің сақталуы мен дамуының практикасы ретінде анықтауға болады. Гуманизм қоғамдық дамудың адамға айналған мазмұны болып табылады. Тұтас алғанда, гуманизм бастаулары біртұтас сипатқа ие және оның әлеуметтік-биологиялық, әлеуметтік және мәдени алғышарттарын зерттеуді талап етеді. Соған сай методологиялық мәні бар маңызды ұғымдарға 94 Адам әлемі |1 (55) 2013 қажеттілік, конструктивтілік және деструктивтілік, кооперативтілік, біртүрлілік пен адам дамуының әртүрлілігі, бірлік және көптүрлілік жатады. Гуманизмнің қалыптасуына әлеуметтік фактордың әсері марксизм мен эволюционизм тұжырымдарының шеңберінде қарастырылған. Гуманизмнің қалыптасуының маңызды кезеңі еңбектің бөлінуі мен оның өнімдерімен алмасуы пайда болған кезден басталады. К. Маркс бұл процестің екі алғышартын көреді: «...Еңбектің табиғи бөлінуі жыныстық және жасының айырмашылығына қарай өзгеруіне байланысты, яғни таза физиологиялық мәнде пайда болады... басқа жағынан қарағанда ... табиғи пайда болған өзгешеліктер кезінде, қауыммен араласқанда олардың арасында өнімдерімен өзара айырбас пайда болады, біртіндеп бұл өнімдер затқа айналады» [2, 364 б.]. Алғашқы адамдардың қабілетін ажыратуға негізделген еңбекті бөлу қабілеттерімен алмасу қажеттілігіне, сонымен бірге әлеуметтік маңызы бар, гуманистік байланыстар қалыптасатын қатынастардың қалыптасуына алып келеді. Еңбекті бөлу деңгейі бойынша адамдардың түрлі қабілеттері қалыптасуы мүмкін әртүрлі еңбек қызметтерінің саны артады.

[Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі гуманизм](#)